



ТЕХНОЛОГИИ ПЕРЕВОДА И СРАВНИТЕЛЬНОЕ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ В ЗЕРКАЛЕ НАУЧНОГО НАСЛЕДИЯ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

Сборник материалов международной
научно-практической конференции

**Технологии перевода и сравнительное
литературоведение в зеркале
научного наследия Ахмета Байтурсынова**

*Сборник материалов международной
научно-практической конференции*

**Астана
2022**

УДК 80/81

ББК 81.2

Т38

Рецензенты:

Буркова Т.А., доктор филологических наук, профессор Башкирского государственного педагогического университета им. М.Акумлы, Башкортостан, РФ

Булатбаева Г.Н., доктор педагогических наук, Национальная Академия имени Ы.Алтынсарина, г. Астана

Загатова С.Б., кандидат филологических наук, профессор Евразийского гуманитарного института, г. Астана

Научный редактор:

Биженова А.Е., доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Редакционная коллегия:

Кенжигожина К.С., PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Анафинова М.Л., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Нуркенова С.С., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Технологии перевода, сравнительное литературоведение и языкознание в зеркале научного наследия Ахмета Байтурсынова. Сборник трудов международной научно-практической конференции. - Астана: ИП «Булатов А.Ж.», 2022. - 170 с.

ISBN 978-601-326-670-1

В сборнике представлены тексты докладов участников одноименной международной научно-практической конференции, проведенной кафедрой иностранной филологии ЕНУ им. Гумилева и посвященной 150-летию Ахмета Байтурсынова. Разносторонность научного наследия великого казахского ученого обусловила представленную тематику включенных в сборник текстов на казахском, русском и английском языках.

Конференция проведена в рамках проектно-целевого финансирования МОН РК «Научные основы модернизации системы образования и науки» (2021-2023, Рег. №OR 11465474) совместно с НАО имени Ыбырая Алтынсарина.

Тексты не подлежали правке и размещены в авторской редакции и стилистике.

УДК 80/81

ББК 81.2

ISBN 978-601-326-670-1

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2022

Ахмет Байтурсынов и современная лингвистика

КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ ЖЫРЫНЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

А.Ж.Әбдікул
 ЕНУ им.Л.Н.Гумилева
 Астана

Аңдатпа: Мақала тарихы жырлардың үлгісі саналатын Кенесары-Наурызбай жырларының тілдік ерекшеліктерін лингвистикалық тұрғыдан талдауға арналған. Әдеби кейіпкер бейнесінің тілдік негізде саралануына маңыз беріледі.

Тірек сөздер: көнерген сөздер, тарихи жыр, теңеу, фразеологизм, эпитет

Аннотация: Статья посвящена лингвистическому анализу языковых особенностей Кенесары-Наурызбая, история которого является образцом псалмов. Большое значение придается дифференциации образа литературного героя на языковой основе.

Annotation: The article is devoted to the linguistic analysis of the linguistic features of Kenesary-Nauryzbai, whose history is a model of psalms. Great importance is attached to the differentiation of the image of a literary hero on a linguistic basis.

Лингвистикалық тұрғыдан алып қарасак, Кенесары-Наурызбай жырларының тілі - құрамы мен құрылымы жағынан күрделі болып келетін, әлі толық зерттеліп болмаған зерттеу нысаны.

Авторлық шығармалардағы тілдік айғақтар авторлық контексте саралануы қажет. Тілтануда эпостың тілін мәтіннен тыс қарастырмай, онымен тығыз сабақтастықта талдау мәселесі жолға қойылуы шарт. Себебі, эпос тілінің алуан түрлі ерекшеліктері эпос мәтінінде, контексте көрініс беріп, сол арқылы айқындалып, дараланады. Эпостың негізгі нысаны, зерттеу көзі – мәтін, ал оның тілдік белгі сипаттары лингвистиканың еншісіндегі мәселе.

Тарихи-реалистік сипаттағы жырда Кенесары мен Наурызбайдың бейнесін батырлық эпос үлгісімен жырлап, ұлт-азаттық көтерілісінің соңғы кезін терең танып, үлкен ақындық шеберлікпен суреттеген. Ұлттық батырлар Кенесары мен Наурызбайдың психологиялық жағынан ең бір айқын айшықталған бейнесі жасалынған.

Теңеудің негізінде белгілі бір сөз-образдардың символға айналуы эпос тілінде көп кездеседі. Қазақ ауыз әдебиетінде бөрі (Кенедейін бөріңіз), арыстан (Арыстанымның барында оқалы байпақ кигенім), ақ сұңқар (Байлауда қалған ақ сұңқар Бұрынғыдай бола алмас), алтайы қызыл түлкі, құмай жүйрік, құлын, бота, қозы сияқты сөздер символ ретінде келіп, әбден тұрақталып, дәстүрге айналған элементтер.

Сол секілді жалқы есімді символға айналдыру лингвофольклористикаға тән. Мысалы, «Кенесары-Наурызбай» жырында Көкше тау – Отанның, кір жуып, кіндік кескен жердің символы:

Әуелгі мекен-тұрағы –
 Көкшетаудың даласы.
 Жазғы жайлау қонысы –
 Ұлытаудың саласы.

Батырлықты, ел қорғауды, азаттықты идея өзегі еткен батырлар жырында образдар моделі де қолданылады. Батырды арыстанға, қыран құсқа, сұлулықты аққуға, толған айға теңеп образ жасау батырлар жырында жиі кездеседі. Мысалы, "Кенесары-Наурызбай" жырында хан Кенені батыр бөрі, бірде арыстан, бірде ақ сұңқар теңеулерімен бейнеленеді.

Фольклор тіліндегі поэтикалық фразеологизмдердің компоненттері мейлінше тұрақты болып келеді. Мысалы, «қырық сан Қырым елі» деген фразеологизм отыз сан, он сан, алты сан Қырым елі деп өзгертіліп айтылмайды. Сол сияқты «алты сан Алаш» деген тұрақты тіркестің анықтауыш компоненті он, қырық, отыз сан деген сөздермен ауыспайды. О баста, сөз жоқ, бұл эпитеттердің нақты бір мағынаға (қырық ру-тайпадан немесе алты тайпадан құрылған этникалық одақтың атауы ретінде) қатысы болған болу керек, бірақ келе-келе бұл анықтауыштар тұрақты тіркестер компонентін құрап, поэтикалық фразеологизм элементіне айналған, бұған олардың

эвфоникалық сипаты, яғни аллитерациялы, ассонансты сөздер (басқа дыбыстары біріккен сөздер) тіркесін жасауы да (Қырық сан Қырым, Алты сан Алаш, Он екі баулы Өзбек) көмектескен тәрізді.

Жырдағы тарихи сөздерге тоқталсақ. Би, ақ алмас, төлеңгіт, хан, садақ, нөкер, болат, қызыл тұмсық, зеңбірек, найза, томаға, жебе, манап, датқа, патша, зеңбірек, түмен, губерния т.б.

-Күмісті садақ, алтын оқ
Кенекең жауға жолықты.
Ақ білегін сыбанған
Балуанды тойға жолықты.
Алыстан тоят көздеген

Ақ сұңқарға жолықты. Халықтың дәстүрлі түсінігінде қару-жарақ тек соғыс құралы ғана емес, қарудың барлық түрі этностың өмір динамикасының айрылмас элементі, олар өздерінің түрлі тұрмыстық әрі әлеуметтік функциялары арқылы этностың өмір сүру процесіне біріккен. Жырда көп кездесетін мағынасы күңгірттенген сөз-садақ. Садақ сөзінің түсіндірмесі туралы айтулы этимолог Ә. Т. Қайдаров "Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение" атты мақаласында жүйелі пікір келтіреді.

-Сонша ердің соңында
Күмбезді найза қолында
Ағын судың сағасы,

Берен тонның жағасы. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері бұл сөздің көп мағыналы екенін айтып келеді. Көп томдық түсіндірме сөздік бұл сөздің көп мағыналарының бірі "гүл салып тоқылған масаты" деп түсіндірсе, екі томдық түсіндірме сөздік:

1. Қымбат, асыл мата.
2. Болаттан жасалған батырлар киетін сауыт.
3. Ұңғысы ұзын шиті мылтық.
4. Пышақ сияқты қару

Эпос тіліндегі поэтикалық тұрақты тіркестердің осындай эпитеттер тобы мейлінше мол, бай әрі біздің күнімізге дейін жеткен көркем тіл қазынасын құрайды. Әсіресе бұлар әскери лексика тобында: қару-жарақ атауларында, батырдың, оның ата-анасының, сүйген жарының портреттерінде, астына мінген атының суреттерінде т.б. орын алады. Мысалы, ауыз әдебиеті үлгілерінде қару-жарақ, сауыт-сайман атаулары ешқашан бір өзі дара аталмайды, олардың алдында сан алуан, көбінесе тұрақты эпитеттер жүреді: балдағы алтын ақ берен, алтын құндақ ақ берен, көк сүңгі, толғамалы ақ сүңгі, бадана көзді ақ сауыт, шашақты найза, алтын қалпақ, жез телпек, шар болат, қозы жауырын жебе, алмас қылыш, тобылғы торы ат, т.б. .

Белгілі бір жай-күйдің, іс-әрекеттің формулалары ретінде қалыптасқан штамптар жыр сайын орын алады. Мысалы, жауынгерлік айбаттың формуласы буырқанып, бұрсанды, мұздай темір құрсанды. қабағынан қар жауып, кірпігіне мұз тоңып. қорамсаққа қол салды, бір салғанда мол салды», жауға аттанудың формуласы: қоңыраулы найза қолға алып, қоңыр салқын төске алып, ауыр әскер қол алып, ал қара бас ту алып т.б. болып келеді.

... Тастан қайтпас болатты.
Сегіз мыңдай кісі боп,
Өңшең байыр манапты.
Бұл сапарда Наурызбай

Таудан үлкен талапты. Болат(фулад, пулад). Бұл сөз түркі тіліне араб-парсы тілінен ауысқан, шыныққан құрыштың атауы. Болаттың түркі тіліндегі төл атауы— алмас. Қару жасауда қолданылатын болаттың табиғи және жасанды түрі

...Қорамсаққа қол салды,
Суырып алған қу жебе,
Көп оғына жол салды.

Қорамсақ-садақ оғының қабы. Эпостар тілінде "қорамсақ" пен "садақ" сөздері синонимдік қатар түзеді. Оқ қабы мағынасында ілгеріректе қылшан сөзі де қолданылғанын білеміз. Бұл сөздің морфологиялық құрамын талдап түп төркінін ашып көрсеткен ғалым— Ә. Қайдаров. Ол Халықаралық Алтаистика Конференциясының 1972 жылы Вена қаласында өткен сессиясында қазақ тіліндегі қару—жарақ, сауыт—сайман атаулары жөнінде арнайы баяндама жасап, қорамсақ

сөзінің құрамындағы сақ элементі бір сөз түбірінің йа//йақ, жа/жақ, са/сақ сияқты варианттардың бірі дейді.

Қорыта келе, лингвистикалық тұрғыдан алып қарасақ, Кенесары-Наурызбай жырының тілі, оның ішінде құрылымдық жағынан күрделі болып келетін, әлі де зерттелуді қажет ететін айрықша тақырып екенін аңғардық. Жалпы эпос жыры тілінің лингвистикалық зерттелуі Е. Жұбанов, Р. Сыздық, Ж. Жақып, Г. Сыздықова, еңбектерінде кездеседі. Тілтануда эпостың тілін талдаған кезде мәтінмен тығыз байланыстыра отырып талдау оң нәтиже беретіні анық байқалады. Өйткені эпос тілінің алуан түрлі ерекшеліктері контексте көрініс тауып, сол арқылы анықталады. Бұл ретте эпостың негізгі көзі мәтін екенін, ал оның тілдік белгілері лингвистиканың еншісінде қаралатынын ескеруіміз шарт. Мәтін негізінде эпос тілінің зерттелуі болашақтың еншісіндегі маңызды мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. – Алматы: Сардар, 2009.
3. Шәкенов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы. – Алматы: Қаз. мемлекеттік оқу-пед баспасы, 1961.

ENGLISH BORROWINGS IN THE SOCIAL NETWORK

M.K.Beisenova

Phd student

ENU named after L.N. Gumilyov

G.K.Kenzhetayeva

Acting professor, Cand. Sc. Phil.

ENU named after L.N. Gumilyov

Түйіндеме: Бұл мақала әлеуметтік желіде ең көп кездесетін ағылшын тілінен алынған англицизмдердің мағыналарын қарастыруға арналған.

Түйін сөздер: Англицизмдер, кірме сөздер, тіл, интернет, коммуникация.

Аннотация: Эта статья посвящена рассмотрению значений англицизмов, заимствованных из английского языка, наиболее часто встречающихся в социальной сети.

Ключевые слова: англицизмы, заимствования, язык, интернет, коммуникация.

Abstract: This article is devoted to the consideration of the meanings of anglicisms, borrowed from the English Language, most often found in a social network.

Keywords: Anglicisms, borrowings, language, internet, communication.

Currently, there is a massive breakthrough in information technology. A person cannot imagine life without the Internet and social networks in our time. The changes taking place in society also affect the language itself, since these are two interrelated phenomena. English has the status of an international language, so most of the borrowings come from this language. The most common borrowings are anglicisms. Anglicisms help build vocabulary and also serve as a source of new phrases and expressions that help create new terms. The problem of introducing anglicisms into the usage of other languages is the fact that the identity of the recipient language begins to lose its unique identity, thereby crowding out its authentic words. This is a negative trend in the development of the language itself as a system for determining the values of the people themselves. Nevertheless, anglicisms have long been an integral part of replenishing the vocabulary of various languages of the world. The active process of introducing anglicisms into the system of other languages can be seen on the example of social networks, which are one of the main reasons for their spread.

In the social network you can find a large number of borrowed words. For example, «хайп» or «хайпануть». These words come from the English word “hype”. The meaning of this word, which provides us with an electronic Cambridge dictionary: Hype - a situation in which something is advertised and discussed in newspapers, on television, etc. a lot in order to attract everyone's interest [1].